

«Күншуақ» бөбекжай -бақшасы» МКҚК

«Қош келдің-әз Наурыз»

№2 «Ақбота» ерте жас тобы



Тәрбиешілері: З.М.Жакеева
Н.Б.Иманғалиева

2021ж

Тақырыбы: «Қош келдің-әз Наурыз»

Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрлерін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт-дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Қазақтың ұлттық киімін киген балалар мерекелік ойын-сауыққа келген қонақтармен сәлемдеседі.

Жүргізуші: Армысыздар құрметті ұстаздар, қонақтар! Бәріміздің асыға күткен Наурыз тойымыз да келіп жетті. Ұлыстың ұлы күні-Наурыз тойларыңыз құтты болсын!

Наурыз тойын жырымыз,
Көңіл гүлдей жайнасын.
Құлпырып тұр күн мен ай
Құтты болсын Наурыз той!

Жүргізуші: Бізде бүгін қандай мереке?

Балалар: Наурыз



Жаңа сиыр жылы құтты болып, жаңа жыл баршаңызға бақыт, ырыс, береке әкелсін!

Жүргізуші: Балалар тыңдаңдаршы бізге біреу келе жатқан сияқты. Кәне, бәріміз мұқият қарайықшы. (әуенмен топқа қолында көжесі бар әже кіреді.)

Жүргізуші: Саламатсыз ба әже, біздің мерекемізге қош келдіңіз.

Әже: Амансыңдарма балалар, бәріміздің асыға күткен ұлыстың ұлы күні-Наурыз тойларыңыз құтты болсын!



Жүргізуші: Балалар Наурыз тойында ең бастысы бізде Наурыз көжемiз дайындалады. Осы Наурыз көжемiздiң қалай дайындайтынын әжемiз қазiр бiздерге түсiндiрiп, айтып бередi.

Әже: Қарақтарым Наурыз көжеге жетi түрлi тағам қосылады. Жетi саны киелi сан. Наурыз көже тоқшылықтың белгiсi. Оның құрамында бидай, қыстан қалған сүр ет, айран, сүт, тұз, құрт, тары қосылады. (Мiнекей балалар көжемiзден дәм татып көредi)



Жүргізуші: Наурыз көжемiзге бата берiп жiберiңiз (Әже бата бередi)

Әже: Ұлысың оң болсын,
 Ақ мол болсын,
 Қайда барсаң жол болсын,
 Ұлы халқым тоқ болсын,
 Қайғы уайым жоқ болсын,
 Қуаныштарың көп болсын,

Әумин!



Жүргізуші: Әже енді балалардың Наурыз тойына арнаған өнерін тамашалаңыз! Балалардың орындауында

Жүргізуші: Ана жақтан әуеннің дыбысы естіледі, кім екен келе жатқан? Балалар бізге ертегілер елінен қонақ келіп тұр екен. Қонағымызды қарсы алайық! (Қолына домбыра ұстаған Алдаркөсе әндетіп келеді.)

Алдаркөсе: Мен Алдармын, Алдармын,
Тура жолды таңдармын,
Сақал түгіл мұртта жоқ,
Тура жолды таңдармын,

Алдаркөсе: О, балалар, тойларың құтты болсын! Сендердің дауыстарыңды алыстан естіп келдім.



Жүргізуші: Қош келдің Алдар ата, ендеше біздің биші ұлдарымыздың өнерін тамашалаңыз.

Би: «Қара жорға»



Алдаркөсе: Бәрекелді балдарым, өте тамаша билейді екенсіңдер, жарайсыңдар балалар. Енді мен сендермен ойын ойнап көрейін.

Ойын: «Хан талапай»

Алдаркөсе: Жарайсыңдар балалар! Сендерге көп-көп рахмет. Сендер қазақ халқының дәстүрін, ата-салтын жақсы біледі екенсіңдер, өнерлерің өрге тассын!

Жүргізуші: Осымен бүгінгі «Ақбота» тобының ертеңгілігі аяқталды. еліміз аман жұртымыз тыныш наурыздан наурызға аман есен жете берейік. Сау болыңыздар!

